

**Мұнайлы ауданы білім беру ұйымдарында білім алушылар мен
тәрбиеленушілерді тамақтандыру сапасына мониторинг жүргізу
жөніндегі ведомствоаралық сараптамалық топ мүшелерімен өткен
жиналыс
ХАТТАМАСЫ № 1**

Маңғыстау ауылы
Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің ғимараты

06 қараша 2025 жыл

Төрағалық етуші: Білім бөлімінің басшысы С.Жубанов

Қатысқандар: Білім бөлімі басшысының орынбасары Г.Мурадалиева, бас маман А.Бекова, мектептердегі тегін ыстық тамақтың сапасын бақылау үшін құрылған мониторинг топ мүшелері: Р.Мусаева, К.Исмайлова, М.Джаксиликова, С.Базарбаева, В.Саргулова және «whatss app» мессенджері арқылы видеобайланыспен онлайн қатысқан мониторинг топ мүшелері: К.Авбасова, З.Құрақова, С.Хантөреев, Г.Худайбергенова, А.Ахмедов.

Күн тәртібінде:

1. Маңғыстау облысы білім басқармасының 2025 жылғы 30 қыркүйектегі «Маңғыстау облысы білім беру ұйымдарындағы тамақтандыру сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі ведомствоаралық сараптамалық тобын құру туралы» №212 бұйрығын таныстыру, жұмыста пайдалану.
2. Аталған сараптамалық топтың жылдық жұмыс жоспарымен таныстыру, білім беру ұйымдарын зерделеуде басшылыққа алатын бұйрықтарды таныстыру.

**1. Маңғыстау облысы білім басқармасының 2025 жылғы 30
қыркүйектегі «Маңғыстау облысы білім беру ұйымдарындағы
тамақтандыру сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі
ведомствоаралық сараптамалық тобын құру туралы» №212
бұйрығын таныстыру, жұмыста пайдалану.**

(С.Жубанов)

1.1. Маңғыстау облысы білім басқармасының 2025 жылғы 30 қыркүйектегі «Маңғыстау облысы білім беру ұйымдарындағы тамақтандыру сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі ведомствоаралық сараптамалық тобын құру туралы» №212 бұйрығын таныстыру, білім беру ұйымдарына жолдау, жұмыста пайдалану және орындау.

2. Сараптамалық топтың жылдық жұмыс жоспарымен таныстыру, білім беру ұйымдарын зерделеуде басшылыққа алатын бұйрықтарды таныстыру.

(Г.Мурадалиева.)

2.1. Аталған сараптамалық топтың жылдық жұмыс жоспарымен таныстыру, білім беру ұйымдарын зерделеуде басшылыққа алатын бұйрықтарды таныстыру.

3. Мектептердегі тегін ыстық тамақтың сапасын бақылау үшін құрылған мониторинг топ мүшелеріне:

- Білім басқармасының 30.09.2025 ж. №212 ведомствоаралық сараптамалық топ құру жөніндегі бұйрықтың орындалысы қадағалансын.

- Мониторинг жүргізу кезінде асхананың ас блогына кіру үшін мониторинг топ мүшелерінің медициналық кітапшасының болуы назарға алынсын;

- Зерделеу кезінде 1) «Қоғамдық тамақтандыру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің № 16 ҚР ДСМ бұйрығы, 2) «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің № ҚР ДСМ-76 бұйрығы, 3) «Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарындағы тамақтану стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығы, 4) «Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарындағы тамақтану стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығының 37-тармағы, 2020 жылғы шілдеден бастап жасалған шарттарға қатысты 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығының 22-тармағы, 5) Қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастыру қағидаларының талаптарын сақтауды басты назарға қою;

- Мониторинг топтың жұмыс жадынамасы бойынша мектепте берілетін ыстық тамақтың сапасы уақытылы және толық құрамда қаралсын.

- Әр айдың 23-не дейінгі аралықта барлық білім беру ұйымдары қаралып, акттері толтырылсын.

4. Осы хаттамалық тапсырманың орындалысын бақылау білім бөлімінің орынбасары Г. Мурадалиеваға міндеттелсін.

Бөлім басшысы
Хатшы



С.Жубанов
А.Бекова





